







БЕКІТЕМІН  
«Жәңгір хан атындағы Батыс  
Қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті» КеАК  
басқарма төрағасы-ректор  
А.М.Наметов  
« 11 » 20 20 ж



**«МАНСАП ЖӘНЕ БИЗНЕС-СЕРІКТЕСТІК» ОРТАЛЫҒЫ  
ТУРАЛЫ  
СМЖ.07БЕ.64**

№ 01 басылым

№ \_\_\_ дана

Дайындалды: 07.09.2023ж.	Келісілді: 08.09.2023ж.	Енгізілді: 12.09.2023ж.
З.Х.Султанова 	У.Б.Таубаев  Н.М.Губашев  М.Ж.Алмагамбетова  Е.К.Таскалиев  Е.Б.Ихсанов 	07.02.2020ж СМЖ.07.БЕ.64 орнына Қайта қаралуы: 12.09.2026ж.

## Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты мен негізгі міндеттері
4. Қызметтері
5. Құқықтары
6. Жұмысты ұйымдастыруы
7. Басқа құрылымдық бөлімдермен өзара қарым-қатынасы
8. Жауапкершілігі
9. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмері	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. «Мансап және бизнес-серіктестік» орталығы (бұдан әрі - МжБСО) университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен жұмыс берушілермен ынтымақтастық бағытында өзара іс-қимыл жасайды.

1.2. МжБСО өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) Жарғысына, ISO 9000 стандарттарына, бұйрықтарына, нормативтік құқықтық актілеріне және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге осы Ережеге, Ғылыми кеңестің және Басқарманың шешімдеріне сәйкес әрекет етеді.

1.3. МжБСО Басқарма төрағасы -ректордың бұйрығымен құрылады және таратылады.

1.4. МжБСО қызметі кәсіптік құзыреттілік, заңдылық және университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен іскерлік қарым-қатынас қағидаттарына негізделген.

1.5. МжБСО Басқарма Төрағасы-ректорға бағынады.

## **2. Құрылымы мен штаты**

2.1. «Мансап және бизнес-серіктестік» орталығының құрылымы мен штаттық кестесі Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2.2. Штат құрамы:

1. Директор – 1 бірлік.

2. «Мансап және бизнес-серіктестік» орталығының бас маманы – 1 бірлік.

3. «Мансап және бизнес-серіктестік» орталығының маманы – 1 бірлік.

## **3. Мақсаты мен негізгі міндеттері**

3.1. Қызметінің мақсаты – университет түлектерін жұмыспен қамтуға және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

3.2. МжБСО негізгі міндеттері:

3.2.1. Бизнес-құрылымдармен ынтымақтастықты дамыту және жүзеге асыру;

3.2.2. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

3.2.3. Университет түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;

3.2.4. Түлектер және қамқоршылар қауымдастығының жұмысын ұйымдастыру.

## **4. Қызметтері**

4.1. Жұмысқа орналастыру және мансапты қадағалау мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

4.2. Түлектер және қамқоршылар қауымдастығының отырыстарын ұйымдастыру;

4.3. Түлектер және қамқоршылар қауымдастығына жаңа мүшелерді тарту;

4.4. Жұмыс берушілерді оқу процесіне тарту;

4.5. Студенттер мен түлектерді жұмысқа орналастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу (Бос орындар жәрмеңкесі, жұмыс беруші компаниялардың тұсаукесерлері, қонақ дәрістері және т. б.);

4.6. Студенттер мен түлектердің мансабын қадағалау үшін түлектермен байланыс орнату, қолдау және дамыту;

4.7. Мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алушыларға қатысты «Қаржы орталығы» АҚ-мен өзара әрекет;

4.8. Кәсіби іріктеуден өтуге дайындық, жұмысқа қабылдау кезінде түйіндеме жазу және сұхбат алу бойынша тренингтер ұйымдастыру;

4.9. Жоғары мектептерге кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен байланыс орнатуға көмектесу;

- 4.10. Еңбек нарығын және нарықтың даму үрдістері және жұмыс берушілердің мамандарға қоятын талаптары туралы ақпаратты талдау;
- 4.11. Университет түлектерінің жұмысқа орналасу жағдайын талдау;
- 4.12. Жоғары мектептермен бірлесіп түлектерге сауалнама жүргізу және оның нәтижелерін талдау;
- 4.13. Институттардың Қамқоршылар кеңестерінің қызметінің мониторингілеу және оны белсендетуге ықпал жасау;
- 4.14. Орталық қызметіне қатысты есептер, баяндамалар, ақпарат дайындау.

## **5. Құқықтары**

- 5.1. МжБСО өкілеттіктері орталық директорымен жүзеге асырылады, ол оның лауазымдық нұсқаулығымен анықталған.
- 5.2. Орталықтың құқықтары:
- 5.2.1. Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінен жұмыс істеу үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрату және алу;
- 5.2.2. Университетті бизнес ортамен ынтымақтастықты күшейту мақсатында кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен өзара әрекеттесу;
- 5.2.3. МжБСО өкілеттігі шеңберінде құжаттарды университет басшылығына дайындау және ұсыну;
- 5.2.4. МжБСО құзыретіне қатысты мәселелер бойынша семинарларға, кжиналыстарға, конференцияларға және форумдарға қатысу;
- 5.2.5. Университеттің білім беру және ғылыми үдерістеріне бизнес және өндіріс өкілдерін тарту;
- 5.2.6. Қызметкерлердің жұмысын ынталандыру бойынша шаралар қабылдау.

## **6. Жұмысты ұйымдастыруы**

- 6.1. МжБСО осы Ережеге және университеттің стратегиялық, болашақ және жылдық жоспарларына, орталық жұмысының оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс істейді.
- 6.2. Орталықтың құжаттары бекітілген істер номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.
- 6.3. Орталықтың жұмысын тиімді жүргізу үшін қажетті барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз етіледі (орын, жиһаздар, кеңсе жабдықтары, кеңсе тауарлары, Интернетке кіру мүмкіндігі).

## **7. Басқа құрылымдық бөлімдермен өзара қарым-қатынасы**

- 7.1. МжБСО университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен білім беру және саласындағы кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен ынтымақтастықты ұйымдастыру және университетте СМЖ шеңберінде білім беру, ғылыми-техникалық, негізгі және көмекші үдерістерді жетілдіру бойынша өзара қарым-қатынас жасайды.

## **8. Жауапкершілігі**

МжБСО қызметкерлері:

- 8.1. Өзінің лауазымдық нұсқаулығында қарастырылған лауазымдық міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында анықталған заң шегінде;
- 8.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңдарында белгіленген шектерде;
- 8.3. Материалдық залал келтіргені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында анықталған заң шегінде жауапты болады.

## 9. Сілтемелер

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23 қараша 2015 жыл №414-V ЗРК.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, 18 қараша 2015 ж. №410-V.

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ Жарғысы.

Университеттің ішкі тәртіп ережелері.

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.